

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
“Асмет Ұлас” педагогика және қызмет көрсету инновациялық
колледжі

«БЕКТЕМІЛ»

Колледж басшысы

Қалырбаева Ү.К.

«

»

2024ж

Колледж кітапханасының 2023-2024 оқу жылдарында жүргізген
жұмыстарының есебі

2023-2024 оқу жылы

Колледж кітапханасының 2023-2024 жылдарында жүргізген жұмыстарының есебі

Колледж кітапханасының жүргізген жұмыстарының есебі

Өзекті тақырып: Табысты нәтиже үшін оқыту мен тәрбиелеу негізінде жаңа ақпаратты пайдалану арқылы субъектінің (оқушы) шығармашылық белсенділігін және ақпараттық мәдениетін жетілдіру.

Мақсаты:

1. Білім мен тәрбие үрдісінде ақпараттық, оқырмандық мәдениетті қалыптастыру, жетілдіру;
2. Студенттердің оқу-коммуникативтік және оқу-ақпараттық біліктері мен дағдыларын дамыту.
3. Кітап оқуға деген жауапкершілік пен құрмет сезімін тәрбиелеу арқылы, кітап оқу мәдениетін насихаттау.

2023-2024 оқу жылында колледж кітапханасы заманауи жабдықтармен жабдықталып жөндеу жұмыстары жүргізілді. Кішкентай оқырмандарға арналған зона, Оқу залы Абонемент орны болып зоналарға бөлінді. Биылғы оқу жылында 230 дана балаларға арналған ертегілер және көркем әдебиет кітаптары келіп түсті.

Колледж кітапханасында көптеген іс-шаралар жоспарлы түрде өткізіліп келеді. «Білімді Ел!», «Ана тілі-асыл мұра» тақырыбында кітап көрмелері ұйымдастырылды. Көрме кітаптармен, мерзімді басылымдармен толықтырылып отырады.

Қыркүйек айында 1,2 курстар арасында "Менің кітапханам" атты бейне ролик ұйымдастырылды.

06.09.2023 қаламыздағы облыстық Қ. Сыдықов атындағы әмбебап кітапханасында, Қазақстан халқы тілдері күніне орай «Тілім десең, тіріл сен» атты әдеби танымдық кеші өтті. Кешке колледжіміздің кітапхана бірлестігімен бірге студенттері қатысып, әдемі кештің куәсі болып келді

5 қазан-ұлағатты ұстаздар мерекесіне орай, облыстық Қ. Сыдықов атындағы орталық кітапханада қаламыздағы еңбегі сіңген, 30 жылдық еңбек өтілі бар Ұстаздармен сұхбат кеші болды. Кеште ұстаздар өздерінің еңбек жолын саралап, студенттер тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беріп, қызықты ақпараттармен бөлісіп отырды.

Ұлағатты ұстаздар мерекесіне орай колледж ТЖО Фейзова М.П және ағылшын тілі пәнінің оқытушысы Тулегенова А. У дың ұйымдастыруымен 1 курстар арасында "Ұстаз-ұлы тұлға" атты мерекелік кеш аталып өтті. Кеште студенттер барынша өз өнерлерін ән, бимен жалғастырып, ұстаздарға деген құрметін барынша жеткізе білді.

6.11.2023 жылы оқуға құштар тұжырымдамасына сәйкес, колледж кітапханасының ұйымдастыруымен студенттер арасында "Менің өмірімді өзгерткен кітап" атты конкурс эссе өткізілді.

"Ақтау қалалық қоғамдық даму орталығы" ұйымдастыруымен 17 қараша - Студенттер күні мерекесіне орай өткізілген "Qazaqsha Quiz" интеллектуалды ойынына колледж студенттері (жетекшісі: Тулегенова А.У) қатысып, алғыс хатпен марапатталды

Жарты жылдықты қортындылау мақсатында Қ. Сыдықов атындағы облыстық кітапханада жыл бойы студенттерді белсенді қатыстырып, Отан сүйгіштікке тәрбиелеу және кітап оқуға баулудағы еңбегі үшін колледжіміз алғыс хатпен марапатталды

10.01.2024 жылы "Оқуға құштар колледж" бағдарламасы аясында колледж кітапханасының ұйымдастыруымен студенттер арасында "Ақтау-менің қалам" атты кітапхана шолғыны, видеоролик сайысы өтті.

Оқуға құштар колледж тұжырымдамасына сәйкес 15.01.2024 жылы колледж кітапханасының ұйымдастыруымен "Менің үйімдегі кітап" атты студенттер арасында фото конкурс өткізілді. Конкурста студенттер өздері ұнатып, жиі оқитын кітаптары жайлы фото есеп жіберді.

"Асмет Ұлас" педагогика және қызмет көрсету инновациялық колледжі 09.02.2024 жылы "Жас мамандар" арасындағы байқаудың ашылуы өтті. Жас мамандар таңертеңнен келген оқытушыларды қарсы алып, әдемі әнмен және тәтті жемістермен қарсы алып, күшті көңіл күй сыйлады. Соңында барлығы естелікке суретке түсті. Ұйымдастырушылар: Тулегенова А. У., Абдикадинова Г. Ж.

"Асмет Ұлас" педагогика және қызмет көрсету инновациялық колледжі 09.02.2024 жылы "Жас мамандар" арасында

"Қызық екен" интеллектуалды сайыс өткізілді. Жас мамандар өзара сайыста әртүрлі тур бойынша бақ сынасып, өз білімдерін көрсетіп шықты. Топпен жарысқа түскен жас мамандар арасында жүлделі

1-орынды:

Еңсегенова Аян

Кузембаева Перизат

2-орынды:

Давлетова Салтанат

Жанбрбаева Нұрсая

3-орынды:

Есбосынова Іңкәр

Жалғасбаева Анар иеленді. Ұйымдастырушылар: Тулегенова А. У., Абдикадинова Г. Ж.

14 ақпан-Халықаралық кітап сыйлау күніне орай колледж студенттерінің арасында "Жақындарыңа кітап сыйла" акциясы өтті.

12.02.2024 жылы колледждің кітапхана бірлестігі мен психологы бірлесіп "ДосболLike" және "Оқуға құштар колледж" аясында 1 курстар арасында тренинг өткізді. Шара барында студенттерге әртүрлі қызықты ақпараттар беріліп, ойындар ойнатылды. Ұйымдастырушылар: Тулегенова А.У және Жумабекова М. Ж.

26.02.2024 жылы "Оқуға құштар колледж" тұжырымдамасын іске асыру мақсатында колледж кітапхана бірлестігінің ұйымдастыруымен "Кітаптан жұлдыз жауған" викториналық кітап көрмесі ұйымдастырылды

12.03.2024 жылы Қасиетті ораза айында "Қайырымдылық жаса" акциясы бойынша @mi_ludi_mi_vmeste қайырымдылық қорымен бірлесе отыра, колледжіміздің 2 курс До 9/22 тобының студенттері жетекшісі Тулегенова А. У. бірге қаламыздағы 55 мүгедек қарт адамдарға тамақ тарқатып, қал жағдайын біліп, өз көмектерін көрсетіп келді.

Колледж студенттері Қ. Сыдықов атындағы Маңғыстау облыстық әмбебап кітапханасында 8 наурыз Аналар мерекесіне орай ұйымдастырылған : "Ана- мәңгілік шуақ төккен ғасырларға" атты мерекелік іс шараға қатысып келді.

15.03.2024 жылы Қ. Сыдықов атындағы Маңғыстау облыстық әмбебап кітапханасында жазушы, драматург, аудармашы Ж. Аймауытовтың туғанына 135 жыл толуына орай " Ұлы даланың ұлылығын ұлықтаған, ұлтын сүйетін жазушы" атты танымдық сағатына қатысып, көптеген құнды мәліметтермен танысып келді.

Қ. Сыдықов атындағы Маңғыстау облыстық кітапханасында Жас ұрпақтың әдеби тәрбие деңгейін көтеріп, тәрбиеге ат салысқаны үшін колледждің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Фейзова Марина Павловна алғыс хатпен марапатталды.

20.03.2024 жылы "Асмет Ұлас" педагогика және қызмет көрсету инновациялық колледжінде "Оқуға құштар колледж" тұжырымдамасын жалғастыру мақсатында До 9/23 тобының "Әдеби кейіпкерлермен бірге саяхаттаймыз" тақырыбында виртуалды кітап шолуын жасады.

"Асмет Ұлас" педагогика және қызмет көрсету инновациялық колледжінде "Оқуға құштар колледж" тұжырымдамасын жалғастыру мақсатында колледж кітапханасымен бірлесе Но 9/23-2 тобы "Еркін микрофон" тақырыбында студенттер мен ұстаздар арасында қызықты сұрақтар қойып интервью жүргізді.

16.04.2024 жылы "Оқуға құштар" тұжырымдамасын жалғастыру мақсатында 15.04.2024 жылы колледждің кітапхана бірлестігімен бірге, қазақ тілі мен әдебиет пәнінің оқытушысы Абдикадинова Гульмира Жаңбырбаевна Но 9/23-2 тобымен " Әдеби шығарма мен оның кейіпкерлерін талқылау" тақырыбында Мұхтар Ауезовтың "Абай жолы" романына арналған әдеби сот сабағы болып өтті.

18.04.2024 жылы «Оқуға құштар колледж» тұжырымдамасын жалғастыру мақсатында 17.04.2024 жылы колледж кітапханасымен бірлесе Но 9/23-1 тобы, жетекшісі Сарбас Айнұр Мәлікқызы "Ақындар жырлаған туған өлке" тақырыбында Әбіш Кекілбаевтың Маңғыстау ауданы, Шетпе кенті туралы әдеби таныстырылымы болып өтті.

19.04.2024 жылы Нұрлыхан Бекбосынов атындағы Маңғыстау энергетикалық колледжінде «Оқуға құштар колледж» жобасын жүзеге асыру барысында «Құндылыққа толы қоңырау», «Кітап оқы да, жеңімпаз бол!» жобаларының тиімділігі» тақырыбында облыстық семинарға колледж оқытушысы Тулегенова А.У. студенттер арасындағы дебат, TED-х форматтағы презентация, квест ойындарына қатысып келді

23 сәуір «Бүкіләлемдік кітап және авторлық құқық қорғау» күніне орай колледж студенттері, жетекшісі Тулегенова А.У. мен бірге Қ. Сыдықов атындағы Маңғыстау облыстық әмбебап кітапханасында «Кітап ғажайып әлемі» атты ашық есік күніне қатысып, ондағы жаңа туындылармен танысып, созжұмбақ, ребус шешуге ат салысып, сонымен қатар басқа колледж студенттерімен жарысқа түсіп, бирнеше тапсырмалар орындап шықты.

29.04.2023 жылы «Оқуға құштар колледж» концепциясын жалғастыру мақсатында колледж кітапханасында, студенттер арасында «Кітапты бірге оқимыз» атты библио кросс өтті.

13.05.2024 жылы колледж кітапханасында "Оқуға құштар колледж" тұжырымдамасын жалғастыру мақсатында Но 9/23-2 тобының "Оқу зиянды емес, оқымау зиянды" атты танымдық флешмоб өткізілді.

16.05.2024 күні колледж кітапханасында Оқуға құштар колледж" тұжырымдамасын жалғастыру мақсатында "Менің сүйікті кітабым" атты студенттер арасында акция өтті